## Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің кеден органын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық органын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 24 сәуір N 469

*Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357* қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Астана - жаңа қала" арнаулы экономикалық аймағы жұмыс істейтін кезеңде Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Астана - жаңа қала" кедені" (бұдан әрі - Кеден) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Астана - жаңа қала" салық комитеті" (бұдан әрі - Комитет) мемлекеттік мекемелері құрылсын. <*>

*Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357* қаулысымен .

2. <*>

*Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.03.02. N 194* қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен Кеден мен Комитетті әділет органдарында бір айлық мерзімде тіркеуді қамтамасыз етсін және осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын. <*>

*Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357* қаулысымен .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 24 сәуірдегі
N 469 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Астана - жаңа қала"№кедені туралы ереже <*>**

*Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.03.02. N 194* қаулысымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК